КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 26 тамыз №7119-25-00-2/7342 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев,
сот отырысының хатшысы А.Кангужинаның отыруында, ашық сот отырысында аудио-бейне жазба құрылғысын және «WhatsApp» қосымшасын пайдалана отырып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ)

ЖАУАПКЕР:
«Road Star Plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Road Star Plus» ЖШС

ЖАУАПКЕР:
«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алу шартын біржақты бұзудың заңсыздығын тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ өкілдері – М.С. Сабыржанов, Б.К. Жанабеков, А.Б. Мурзагалиева
«Road Star Plus» ЖШС өкілдері – Д.С.Мишин, Н.С. Кыдырбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

2025 жылғы 10 ақпанда "Road Star Plus" ЖШС мен "Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы" АҚ арасында №030340001539/250117/00 мемлекеттік сатып алу шарты жасалды. Шартқа сәйкес талап қоюшы жолаушыларды тасымалдау қызметтерін көрсетуге міндеттелді.

2025 жылғы 29 сәуірде мемлекеттік сатып алу порталында Road Star Plus» ЖШС модуль арқылы шартты біржақты бұзу туралы ресми хабарлама жарияланған. 2025 жылғы 4 маусымда шарт біржақты тәртіппен бұзылған.

«Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ өз талабында, келесі жағдайды көрсетті.

18.04.2025 жылғы №1 тексеру актісінде көрсетілгендей, талап қоюшыға нақты ТС сәйкестігін қалпына келтіруге 2 күнтізбелік күн мерзімі нақты көрсетілген. Сонымен қатар, Мемлекеттік сатып алу веб-порталында талап қоюшыға бірнеше ескерту жолданған (қоса берілген тексеру актілерімен, құжаттармен расталады) және 22.04.2025 жылғы веб-порталда жазбаша хабарламамен ескертілген.

25.04.2025 жылғы №2 тексеру актісінде көрсетілгендей, бірқатар кемшіліктерді жоймады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, талап қоюшы соттан «Road Star Plus» ЖШС жосықсыз өнім беруші деп тануды сұрайды.

Road Star Plus» ЖШС өз талабында, келесі жағдайды көрсетті.

Көрсетілген қызметтер №250117/00/1 (07.04.2025 ж.), №250117/00/2 (02.05.2025 ж.), №250117/00/3 (02.06.2025 ж.) актілерімен рәсімделіп, тараптар қол қойған, ешқандай ескертулер болмаған.

Барлық қызметтер үшін төлем толық көлемде жасалды.

Талап қоюшының сілтеме жасаған акт №1 (18.04.2025 ж.) және акт №2 (25.04.2025 ж.) – тек өз қызметкерлерінің қолымен толтырылған, ЖШС-мен таныстырылмаған, қол қойдырылмаған, күні мен нөмірі жоқ комиссия құру туралы бұйрыққа сүйенген.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, талап қоюшы соттан мемлекеттік сатып алу шартын біржақты бұзудың заңсыздығын тануды сұрайды.

Сот отырысында «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ өкілі талап қоюды нақтылады, «Road Star Plus» ЖШС талапттарың қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

«Road Star Plus» ЖШС өкілі пікірде көрсетілген уәждерін қолдай келе, «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ талаптарың қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 8-бабы 4-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 29.08.2025

7119-25-3-1/7065

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тізбесін білдіреді тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 қосымшаға сәйкес «Road Star Plus» ЖШС тапсырыс берушінің өтініші бойынша 01.03.2025 жылдан бастап 31.12.2025 жылға дейін кестеге сәйкес емес жолаушыларды тасымалдау бойынша автобус қызметін көрсетуге міндеттенді.

Шарттың 3.1 тармағының 1 тармақшасына сәйкес жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Сотта анықталғандай талап коюшы қызметкерлерінің жауапкердің автобустарына қатысты шағымдарының түсуіне байланысты, шарттың 3.4 тармағының 1 тармақшасына сәйкес көрсетілген қызметтердің сапасына тексеру жүргізілген.

Нәтижелері бойынша 18.04.2025 жылы №1 тексеру актісі жасалып, келісімшарттың 4.3 тармағына сәйкес кемшіліктерді жоюға 2 күнтізбелік күн мерзімі берілді.

Сонымен қатар, жауапкерге мемлекеттік сатып алу веб-порталында бірнеше ескертулер жолданды, №1 және №2 тексеру актілері, хабарламаның көшірмесімен дәлелденеді, сондай-ақ веб-порталда 22.04.2025 жылғы жазбаша ескертулер, жауапкер тексеру актінде көрсетілген кемшіліктерді жою үшін қосымша уақыт сұрамаған.

Талапкер 25.04.2025 жылы 18.04.2025 жылғы №1 тексеру хаттамасында көрсетілген ескертулерді жою мақсатында тексеру жүргізді.

Техникалық ерекшеліктің 15 тармағына сәйкес жауапкер Қазақстан Республикасының жолаушыларды автомобильмен тасымалдау саласындағы қызметті реттейтін заңнамасын сақтауға міндеттенеді.

Тексеру нәтижелері бойынша көрсетілген ескертулер жойылмағандығы туралы акт жасалған.

Осылайша, жоғарыда көрсетілген кемшіліктер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі, ҚР СТ ГОСТ Р 51709-2004 б. 4.1.10 қағидаларының талаптарына сәйкес келмейді.

Шарттың 8.7 тармағына сәйкес, шарт өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

Шарттың 9.1 тармағына сәйкес, бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 29.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың тиісінше орындалмауы және ТС сәйкес келмеуіне байланысты жауапкерге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы бірнеше рет хабарлама жіберілді.

Алайда, «Road Star Plus» ЖШС-і «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ-на шарт пен ТС талаптарына сәйкес қызметті көрсетпеген.

Жоғарыдағы келтірілген деректерге сәйкес, «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап беруі қанағаттандыруға жатады, ал «Road Star Plus» ЖШС мемлекеттік сатып алу шартын біржақты бұзудың заңсыздығын тану туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылсын деген қорытындыға келеді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ-ның талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Road Star Plus» ЖШС-гі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Road Star Plus» ЖШС-нен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Road Star Plus» ЖШС-нін талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Сот шешіміне шағым және прокурордың өтінішхаты бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 29.08.2025

7119-25-3-1/7065

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 29.08.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»